

2

Басты талап –
бала қауіпсіздігі

4

Құлақ жарғағына
ота жасалды

Сыр бойы

№110 (20986) 24 шілде, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ



ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаев Корея
Республикасының Президенті Ли
Чжэ Мёнмен телефон арқылы
сөйлесті.

Әңгімелесу барысында прези-
денттер сан қырлы қазақ-корей
ынтымақтастығын одан әрі
нығайтуға бейіл екенін растады.

Мемлекеттер басшылары екі-
жақты байланыстардың барлық
бағыты бойынша егжей-тегжейлі
пікір алмасты. Сондай-ақ сауда-
экономикалық және мәдени-гу-
манитарлық ықпалдастықты жан-
дандыруға ниет білдірді.

Тараптар өнеркәсіп, энерге-
тика, машина жасау, білім беру
және медицина салаларында
қолға алынған әрі перспективті
жобаларды тиімді жүзеге
асырудың маңызын атап өтті.

Ли Чжэ Мён Қазақстан Прези-
дентін Корея Республикасына
ресми сапармен келуге шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Оң-
түстік Корея басысының ша-
қыруын ризашылықпен қабыл
алып, келесі жылы Сеулде өте-
тін «Орталық Азия – Корея Рес-
публикасы» форматындағы сам-
митке қатысатынын мәлімдеді.

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ



ТАУ-КЕН ӨНДІРІСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас
Бектеновтің төрағалығымен Үкімет
отырысы өтті. Күн тәртібінде
тау-кен өнеркәсібінің дамыту және
цифрландыру, көші-қон саясатын
жетілдіру мәселелері қаралды.

Үкімет отырысынан соң облыс
әкімінің бірінші орынбасары
Данияр Жаналиновтың төраға-
лығымен өткен мәжілісте тау-кен
өндірісіне, көші-қон саясатына,
балалардың жазғы тынығу
лагерлерінің жұмысына қатысты
жауапты сала басшыларына
тапсырмалар жүктелді.

Тау-кен өндірісінің көрсеткіштерін көтерудегі тиісті
жұмыстарды күшейту керек.
«Шалқия» және «Баласауыс-
қандық» тау-кен байыту ком-
бинаты құрылысын бақылауға
алып, жоспарға сәйкес жүргізілуін
қамтамасыз етіңіздер. Осы саладағы
мекемелерді цифрландыруға баса
мән беру қажет.

2-бет



ҚЫЗЫЛОРДА: ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ІСТЕ ІРКІЛІС БОЛМАЙДЫ

Қала қан тамыры бүлкілдеп соғып тұратын тірі ағза
тәрізді. Айналадағы жаңашылдықтар, қолға алынған
бастамалар, түйінді мәселелер тұрғындардың өмір салтына
әсерін тигізбей қоймайды. Мұнда түрлі идеялар мен
тағдырлар тоғысады, білім мен тәжірибе алмасулар жүреді,
жаңа жобалар өмір келеді.

Кейінгі жылдары Сыр өңірінің бас қаласының тыныс-тіршілігінде
ауқымды өзгерістер болып жатыр. Оның барлығы халықтың көз алдында
өтуде. Өзгерістер туралы жергілікті тұрғындардың да, келген қонақтардың
да пікірлері ашық дереккөзде жүздеп, мыңдап саналады. Осы игілікті
істердің бәрі де жұртшылықтың жайлы өмір сүруіне бағытталған.
Әлеуметтік нысандар, көпқабатты тұрғын үйлер салу,
демалыс орнындары, көшелердің жаңғыртылуы, қаланың
тазалығы мен абаттандырылуы сияқты жұмыстар
қаланың бейнесін қалыптастырды.

Биыл облыс бюджеті 790,4 млрд теңгеге жетіп,
екі жылда 2,5 есеге өссе, қала бюджеті 2 есеге
артқан. Оның ішінде кірістер 110,6 пайызға
артығымен орындалған. Мұның бәрі де –
салық базасын ұлғайтып, кірістерді арттыру
бағытындағы жүйелі жұмыстың жемісі.
Бұл туралы өңірлік коммуникациялар
қызметінде өткен брифингте Қызылорда
қаласының әкімі Нұржан Ахатов айтты.

Қаржы көлемін ұлғайтуда кәсіпкерлік
және басқа да жылжымайтын мүлік
нысандары қайта бағаланды. Олардың құны
10 есеге дейін арттырып, жер және мүліктердің
нысаналық мақсаты кәсіпкерлікке ауыс-
тырылуда.

Брифингте қала әкімі барлық салада өсім
қалыптасқанын жеткізді.

– Биыл қаланың капиталына салынған инвестиция
147,5 млрд теңге, құрылыс көлемі 158,2, өңдеу өнеркәсібі
103,7, тұрғын үй 104,9, ауыл шаруашылығы 104,3 және сауда
104,4 пайызға өсті.

2-бет

/// СҰХБАТ

Мейрамбек ШЕРМАҒАНБЕТ:

«ӘРБІР КӨТЕРІҢКІ КӨРСЕТКІШТІҢ БАСТАУЫНДА ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕК ТҰРАДЫ»

Қазалы ауданының әлеуметтік-
экономикалық даму көрсеткіштеріне
зер салсақ, өркендеу жолында, тіршілік
ырғағында ерекше қарқын бар.
Кәсіпкерлік бастамаларды табысты іске
айналдырған, атакәсіпке ден қойған,
құрылыс нысандарын уақытында әрі
сапалы салуға бағытталған жүйелі
жұмыс байқалады. Мұнда ел игілігі үшін
аянбай еңбек етіп жүрген жандардың
табанды тірлігі, туған жерге деген
шексіз сүйіспеншілігі, жастардың
жаңашылдыққа ұмтылысы айқын
көрінеді. Аудан орталығы мен ауылдар
күннен-күнге көркейіп, жаңа нысандар
бой көтеріп, халықтың тұрмыс сапасы
арта түскен.

Қазыналы мекеннің қазіргі тыныс-
тіршілігіндегі кейбір мәселелерді, қолға
алынған жұмыстардың беталысын,
алдағы міндет пен меже жайында
Қазалы ауданының әкімі Мейрамбек
Шермағанбетпен сұхбат барысында
әңгімелеген едік.

– Мейрамбек Зинабидиұлы, Сыр еліндегі
іргелі ауданның бірі Қазалының жұрт-
шылығы өзінің еңбекқорлығымен, іс-
керлігімен, едік іске үлес қосуға дайын тұра-
тын белсенділігімен танымал. Сондықтан
болар, мұнда жыл сайын жаңа бастамалар
қолға алынып, ауқымды жобалар жүзеге
асады. Бұл экономиканың, бюджеттің
тұрақты өсімі есебінен болатын жетістік
екені белгілі. Осы орайда ауданның негізгі
көрсеткіштері туралы не айтар едіңіз?



– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт
Кемелұлының Сыр өңіріне деген айрықша қол-
дауының арқасында, облыс әкімінің басшы-
лығымен аймақтың әлеуметтік-экономикалық
дамуында оң тенденция қалыптасқанынан,
өңіріміз барлық негізгі макроэкономикалық
көрсеткіштер бойынша республикада алғашқы
орындарға тұрақтағанынан оқырман хабардар.
Әрине, мұндай көрсеткішке қол жеткізудің
бастауында тынымсыз еңбек пен ауқымды
жұмыс тұрғаны белгілі.

Өткен жыл Сыр өңірі, оның ішінде
Қазалы ауданы үшін жаңа жетістіктер мен
толайым табыстың кезеңі болды. Аудан
экономикасының барлық саласында тұрақты
өсім қалыптасып, даму көрсеткіштері
ілгеріледі. Сондай-ақ айтулы істер, жарқын
жобалар жүзеге асты.

3-бет



ТӘЖІРИБЕ ЕҢБЕКПЕН ТОЛЫСАДЫ

Нарық заманының сұранысы
үсті-үстіне ала берген дипломдар
емес, ешқашан шаршатып
шалдықтырмайтын, өмірлік таңдаған
сүйікті мамандығың екеніне жұмысшы
мамандығың таңдаған бүгінгі
заман жастарының енді көзі жете
бастағандай.

Қазалы аграрлы-техникалық кол-
леджінің түлегі Қанат Әнафия да өзі
таңдап, бітіріп шыққан электр және
газбен дәнекерлеуші мамандығын
болашағымен байланыстырғанына еш
өкінбейді.

Қазалы аграрлы-техникалық кол-
леджінде теориялық білімді өндіріспен
ұштастыра отырып алған өмірлік
тәжірибемді іс жүзінде пайдаланып
жүргеніме де біраз жыл болды. 2014
жылы колледжді тамамдап шыққаннан
кейін, өз шамамды байқағым келіп,
жұмыс талғамай шеберлігімді шың-
дадым. Дәнекерлеуші атауы айтуға оңай
болғанымен, бұл мамандықтың өзіне
тән қыр-сырының толып жатқанын,
осы мамандықтың жілігін шағып,
майын ішкен, құрыштай шыныққан
ағаларымыз ғана білетін шығар, біздің
әзір олай мақтануға хақымыз жоқ. Тек
тәжірибе жинақтау үстіндеміз десек,
бізге берілетін бағаның деңгейі осы
болатын шығар. Алайда, өмірлік ризық-
несібіміздің, бұйыруы мүмкін бақ пен
данқтың даңғыл жолына дәнекерлеуші
мамандығының дәнекер болатынын
үміттімін.

Колледж қабырғасында жүргеннің
өзінде-ақ, облыстық «Үздік газбен
және электрмен дәнекерлеуші – 2014»
байқауының 1-ші дәрежелі дип-
ломымен, «Дәнекерлеу ісі» кәсіпкерлігі
бойынша «WorldSkills Kazakhstan»
облыстық іріктеу кезеңінде Алғыс хат-
пен марапатталған – Қанат өткен жылы
уақыт тауып, өзі түлеп ұшқан Қазалы
аграрлы-техникалық колледжіне табиғи
газ кіргізу кезінде алған білімінің
каншалықты кәдеге асқанын колледж
ғимаратындағы жылу құрылғыларын
дәнекерлеп беру арқылы дәлелдеп
шықты.

Қазіргі таңда Қазалы «Қамкор-Вагон»
деп осында электрогазбен дәнекерлеуші
болып, еңбек көрігін қыздырып
жатқан жас маманның
қанаты қатайып, сүйікті
мамандығының жетіс-
тігін көріп, жары
Гүлсезіммен, ұл-
қыздарымен бірге
болашағын баянды ете-
тініне сенім мол.

Әлімжан ҚИЯС,
Қазалы
ауданы



Валюта бағамы:

\$ 533,61 kzt

€ 621,07 kzt

₸ 6,78 kzt

Ауа райы:

Бейсенбі

☀️ +40°

☾ +23°

Жұма

☀️ +39°

☾ +24°

ТАУ-КЕН ӨНДІРІСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Демалыс орындары мен қызмет көрсету кешендерінің, кафелер, қоғамдық тамақтану орындарының, балалардың жазғы тынығу лагерлерінің санитарлық талаптарға сәйкестігін тұрақты бақылауды тапсырамын.

Өңірдегі спорт нысандарының, «Мұз айдыны», «Евразия», «Нұрсәт» кешен-1-бет

дерінің, «Теннис орталығының», ойын алаңдарының, мәдениет ұйымдарының, театрлар мен музейлердің балаларға ақысыз негізде қызмет көрсетуін ұйымдастыру қажет. Барлық лагердің қауіпсіздігін тексеріп, бақылауда ұстаныңдар. Санитарлық талаптарға сәйкестігін, балалар тағамдарының сапасын қалағаныңдар, – деді Данияр Еренғалиұлы.

Айта кету керек, облыс аумағында 28 тау-кен компаниясы жұмыс істейді. Оның 11-і мұнай, 4-еуі уран, ал 13-і қатты және кең таралған пайдалы қазбаларды өндірумен айналысады. Бұл салада шамамен 8500 адам еңбек етеді.

Биыл алғашқы жартыжылдықта тау-кен өнеркәсібінде 286,4 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 7%-ға төмен. Дегенмен, өңірдің жалпы өнеркәсіп өнімінің көлемі 512,2 млрд теңге болып, жоспар 100%-ға орындалды. Қазір жаңа кен орындарын анықтау бағытында геологиялық зерттеулер жүргізіліп, мұнайдың терең қабаттары игерілуде. Сырдария бассейнін зерттеу мақсатында бұрғылау жабдықтары жеткізіліп, дала жұмыстары басталды. «Баласауыскандық» жобасы 2016 жылдан бері шетелдік инвестор қатысуымен іске асуда.

«Шалқия» кенішінің жерасты шахтасын салу 2022 жылдан бері қолға алынған. Бұл жоба жүзеге асқанда аймаққа 300 млрд теңге көлемінде инвестиция тартыламақ.

Цифрландыру бағытында да ілгерілеу бар. 2018 жылдан бері «ҚазГермұнай» компаниясы «Интеллектуалды кен орны» технологиясын енгізіп, мұнай өндіруді 1-2% арттыруға және шығындарды 10% азайтуға қол жеткізді.

«СБ» ақпарат

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың төрағалығымен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметіне қатысты мәселелер талқыланған мәжіліс өтті. Жиынға тиісті сала басшылары, балабақшалардың құрылтайшылары қатысты.

БАСТЫ ТАЛАП – БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ

– Барлық балабақша меңгерушілеріне ата-ана төлем-ақысының бекітілген сомадан аспауы қажеттігін ескертемін. Тасымал мәселесіне де ерекше назар аудару қажет. Балалардың қауіпсіздігі – басты талап. Автокөлікке қойылатын арнайы талаптар қатаң сақталуы тиіс. Қала, аудан әкімдері, жергілікті полиция басқармаларымен бірлесіп отырып, «Балабақшадағы қауіпсіз тасымал» рейдтік шарасын ұйымдастырыңыздар.

Мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі құжаты – балабақша жарғысы. Жарғыда бекітілген жұмыс уақытының дұрыс рәсімделмеуі, бекітілген жұмыс кестесінің сақталмауы барлық балабақшада кездескен. Жарғыны қайта қарап, тиісті заңнама талаптарына сәйкестендіруді және орындауын қатаң бақылауға алуды тапсырамын, – деді Данияр Жаналинов.

Айта кету керек, аймақта 676 мектепке дейінгі ұйымда 50 079 бала тәрбиеленуде. Жалпы 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту көрсеткіші



100%, ал 2-6 жас аралығындағылардың қамтылуы 92,6%.

Осы жылдың сәуір-маусым айлары аралығында қала және аудандық білім бөлімдері меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарға жоспарлы мониторинг жүргізді. Мониторинг нәтижесінде 91 балабақшада түрлі заңбұзушылықтар анықталып, соның негізінде оларға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру тоқтатылды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ҚЫЗЫЛОРДА: ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ІСТЕ ІРКІЛІС БОЛМАЙДЫ

Кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту бағытында жүйелі жұмыстар бар. Мемлекеттік бағдарламалар мен қаржылық қолдаулар арқылы кәсіпін кеңейткендер көбейді. Нақты айтар болсақ, 124 жоба субсидияланса, «Өңірлік инвестициялық орталық» арқылы өнеркәсіп саласының 7 жобасы қаржыландырылды.

Кәсіпкерлер саны 35 мыңнан асса, 63 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылды. Шағын және орта бизнес саласында 176,6 млрд теңгеге өнім өндірілді. Алдағы бесжылдықта 28 инвестициялық жоба жүзеге асырылады. Сондай-ақ 4,5 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны ашылады, – деді қала әкімі.

Биыл сол жағалауда екі шағын өнеркәсіптік аймақ іске қосылады. «Тұмар» ЖК мен «Техоснастка-Ремсервис» ЖІПС азық-түлік, кондитерлік, сүт өнімдері өндірісін қолға алды. Сондай-ақ «Қызылорда-нан» ЖІПС кондитерлік және макарон өнімдерін өндіретін кешенді іске қоспақ. Ал «RemPlast-Invest» ЖІПС жылына 5,4 мың тонна қағаз өнімін шығаратын зауыттың құрылысын жүргізуде.

Маңызды шараның бірі – Қызылорда қаласында алғаш рет Ұлттық урбан форумы халықаралық деңгейде өтті. Ауқымды шараның Қызылордада өткізілуі – қаланың урбанизация саласындағы әлеуетін, даму бағытын халықаралық деңгейде таныту мүмкіндігі. Форум аясында экологиялық тепе-теңдік, қалаларды ақылды басқару, инклюзивті әрі климатқа төзімді инфрақұрылым қалыптастыру, тұрғындардың өмір сапасын арттыру мәселелері талқыланды.

Осы орайда облыс әкімі, Экология және табиғи ресурстар министрі, Парламент Мәжілісі депутаттарының қатысуымен Оңтүстік Корея технологиясына негізделген қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау және өңдеу зауытының құрылысы басталды. «Қызылорда Саз-М» кірпіш зауыты іске қосылып, алғашқы өнімін шығарды. Зауыт жылына 90 млн кірпіш өндіреді, 70 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Ірі жобалар қатарында «SevenRiversBottlers» ЖІПС-ның шыны ыдыс шығаратын және испаниялық «RocaGroup» компаниясымен бірлескен санитарлық-техникалық жабдықтар шығаратын зауыт бар. Бұл бастамалар – экологияны жақсарту, өндірістік қалдықтарды тиімді басқару және жасыл экономиканы қалыптастыру жолындағы нақты әрі нәтижелі қадам.

Мамыр айында Үкімет қаулысымен «Қорқыт ата» арнайы экономикалық аймағы құрылды. Бұл аймаққа тартылатын инвестиция көлемі 156 млрд теңге, оның ішінде шетелдік капитал 88 млрд теңге болады, өндірілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі 527,1 млрд



теңгеге жетеді деп күтілуде.

Экономикалық аймақ аумағында арнайы құқықтық режим әрекет етеді, бұл салықтық және кедендік жеңілдіктерді қамтиды. Қалада бұған дейін де 1996 жылы арнайы экономикалық аймақ болған. Араға 30 жылдай уақыт салып қайта жанданды.

Биыл 8695 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. «Қызылорда Құрылыс НК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 800 бас малға арналған тауарлы-сүт фермасы, «СК Сапа KZ» ЖІПС 1500 тонналық көкөніс сақтау қоймасы, «Агро балық МА» мен «Бал Али» қожалықтары балық шаруашылығын дамыту және балық өсіру жобаларын іске асыруда.

Биыл 4652 жаңа жұмыс орны құрылса, 233 адамға мемлекеттік грант берілді. Жыл басынан бері 7 рет «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі өткізіліп, 1589 бос жұмыс орны ұсынылды.

Пәтер кезегінде тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарына 120 баспана табысталса, бюджеттен тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан дайын пәтер сатып алу жалғасалы. Биыл Сырдария өзенінің сол жағалауында бес қабатты 10 тұрғын үйдің

құрылысына облыстық және қалалық бюджеттен 2 млрд 886,4 млн теңге бөлінді. Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алуға 37,1 млрд теңге кредит қарастырылды.

Қазір қалада 75 тұрғын үй апатты деп танылған. Аталған санат бойынша кезекте 617 отбасы тұр. Жыл басынан тұрғын үйлері апатты деп танылған отбасыларға 135 пәтер табысталды. Осылайша апатты үйлер мәселесі кезек-кезеңімен шешілуде.

Биыл «Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту» бағдарламасы аясында 15 жоба жүзеге асырылады. «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде қалаға қарасты 6 елді мекеннің халық жаңа қоныстанған аумақтарына электр желісі тартылып, тозығы жеткендері қайта жаңғыртылады.

«Сабаалақ» саяжайы, қалада газ желісі жүргізілмей қалып қойған шағын аудандар газдандырылады. «Қызылөзек» және «Қызыл-жарма» ауылдық округтерінің елді мекендеріне газ құбырын тартудың жоба-сметалық құжаттамаларын сараптама қорытындысымен әзірлеуге 43,1 млн теңге қаралды.

Жол-көлік инфрақұрылымы қарқынды дамып келеді. Биыл көлік инфрақұрылымын дамытуға 23,2 млрд теңге бөлініп, 64 жоба жүзеге асуда. Облыс орталығының негізгі көшесінің бірі «Тәуелсіздік» 25 жыл» даңғылын жаңғырту екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңі толық аяқталды. Екінші кезеңі бойынша Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін Сырдария өзенінің қорғаныш бөгетін бекітумен қатар құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Жаңа жол түскенде көлік ағыны реттеледі.

Шет аймақтардағы көшелер де қалыс қалып жатқан жоқ. Жыл сайын қалаішілік және шет аумақтардағы көшелер ретімен жөндеуде. Биыл шет аймақтағы 17 көшеге жөндеу жасалды. «Аспалы көпір» аталып кеткен Шиелі бағытындағы автомобиль көпірі қайта жаңғыртылып жатыр. Қала мен Тасбөгет кентін байланыстыратын «Қызылжарма» каналының үстінен өтетін автожол көпірі пайдалануға берілді. «Қызылөзек» ауылдық округіндегі «Қожақ каналы» арқылы өтетін көпір де жақын күндері елі іргілігіне айналады. Сондай-ақ Жанқожа батыр көшесі бойымен өтетін теміржоласты өткелінің құрылысы да қарқынды. Биыл қала аумағында 24,8 шақырым жаяу жүргіншілер жолы салынып, 42 көше жарықтандырылады. Тұрғындардың суранысына сәйкес 30 көпқабатты тұрғын үйдің шатыры жөнделіп жатса, 20 үйдің қасбеттері жаңалануда. Бұдан бөлек, 18 көпқабатты тұрғын үйдің ауласын абаттандыруға және ойын алаңдарын салуға қалалық бюджеттен қаржы бөлінді. Оның ішінде, 19 шағын футбол, 25 жаттығу, 21 балалар ойын алаңы,

15 аулаішілік шаруашылық алаңы мен 13 демалыс орны қарастырылған.

Қалада қоғамдық көлік мәселесі толық шешімін таппақ. Жаңадан алынған заманауи үлгідегі 300 автобус 32 бағыт бойынша тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуде. Облыс әкімінің қолдауымен 100 экотакси алынды.

Қаланы жасыл желекке бөлеу, көгалдандыру бағытында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жаңа механизм енгізілді. Ол бойынша қала аумағын көгалдандыру және абаттандырумен «ҚазСтрой Капитал Қызылорда» мекемесі айналысуда. Мекеме құрамында 250 қызметкер жұмыс істейді, техника жеткілікті. Қала аумағына 46 мыңға жуық тал көшеті мен 800 мың дана біржылдық гүл, 13500 көпжылдық гүл көшеті отырғызылып, 10 мың шаршы метрден астам алаңға көгал төселді. Оған «Hunter» технологиясына негізделген автоматты суару жүйесі қолданылады. Қазір 992 гектар жерге жасыл белдеу құру жобасы басталды. 2030 жылға дейін 2,5 млн ағаш отырғызып, тұқымдықтар мен зертхана салу жоспарлануда.

Сырдарияның сол жағалауында «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен денешынықтыру-сауықтыру кешені салынып жатса, облыстық тарихи-өлкетану музейі жұмысын бастады. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 900 орындық мектеп және «Ақжаржан» шағын ауданынан 300 орындық екі мектеп пайдалануға берілді. Заманауи үлгіде салынған үш мектептің құрылысы тамыз айында аяқталмақ. Жарқын жобалар қатарында физика-математика бағытындағы лицей-интернаты да бар.

Сондай-ақ «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен салынған музыкалық колледж, балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында бой көтерген «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы пайдалануға берілді.

Қарқынды құрылыс әлі де жалғасуда. Облыс әкімінің бастамасымен халықаралық стандарттарға сәйкес келетін 11 мың орындық орталық стадион аяқталуға жақындаса, «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы сапалы жүргізілуде. Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жыл-

дығына орай «ҚазАтомпром» Ұлттық атом компаниясы» АҚ-ның қолдауымен «Достық үйінің» жаңа ғимараты да бой көтеруде. Бейбарыс сұлтан көшесі мен Назарбаев даңғылы қиылысында «Көрме залы» орталығының құрылысы қарқын алды.

Аймақ басшысының шешімімен өңірдегі денсаулық сақтау саласы қызметкерлеріне арнап 100 пәтерлік тұрғын үй, бір ауысымда 100 келушіге арналған емхана, онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана салынууда. Жеке инвестицияға салынған жылына 3,5 мың адам қабылдайтын «ОрхунМедикал» медицина орталығы жақын күндері пайдалануға берілмек.

Мемлекет басшысының Үкіметтің тікелей қолдауымен салынып жатқан қуаттылығы 240 мегаваттық жаңа жылу-электр орталығының құрылысын «АксаЭнерджи» түрік компаниясы 80 пайыз еңсерді. Нысан қыр-қүйек айында пайдалануға берілді. Жаңа станция облыс орталығын жылымен, аймақты электр энергиясымен толық қамтамасыз етеді. Қызылорда қаласын ыстық сумен қамтамасыз ету жобасы сәтті жүзеге асырылуда. Алдағы жылу беру маусымында потерлер толық ыстық сумен қамтамасыз етіледі.

«Таза Қазақстан» ұлттық экологиялық жобасы аясында өңірде санитарлық тазалықты сақтау, абаттандыру және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, өмір сүру ортасын қалыптастыру бағытында жүйелі шаралар қолға алынды. Биыл 3 демалыс орны қайта жаңғыртылды. Қалалық мәдени-демалыс паркі жаңа кейіпке енді. Президент, Қорқыт ата кітабының 1300 жылдығы ескерткіші маңындағы саябақтар қайта жаңғыртылды.

– Биыл Қызылорда қаласының еліміздің астанасы болғанына және «Қазақ» атауының қайтарылғанына 100 жыл толып отыр. Бұл – тұтас ұлт, мемлекет тарихындағы маңызды белес. Осы орайда мерейтойды атап өтудің тұжырымдамасы мен облыстық іс-шаралар жоспары әзірленді. Жақында «Тарихтың таңбасы, рухтың ордасы – Қызылорда» атты облыстық өнер байқауы өтті. Бұл байқаудың бас жүлдесін Сырдария ауданы жеңіп алды. Енді «Қызылорданың астаналық кезеңі» тақырыбында дөңгелек үстел, «Көктем нұры» оқушылар айтысы, архив қоры құжаттарынан «Ғасырлық тарихтың куәсі – қазыналы мекен», «Үш дәуірдің астанасы – Қызылорда» атты жылжымалы көрме, спорттық шаралар, «Алаштың астанасы – Қызылорда» атты брей-ринг секілді мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылады. Сондай-ақ «Қызылорда – Алаштың жүрегінде» атты тарихи-танымдық кітап шығарылады. Кітап төрт бөлімнен тұрады. Онда тарихи оқиғалар және Қызылорда қаласының 100 жылдық жылына-масы, шежірелі фотосуреттер, бейнесөзеттер қамтылған, – деді қала әкімі.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»



Суреттер: Түркістан Бағдат Есжанов

Быттыр аудан бюджеті 11 млрд тенге болып бекітілсе, бүгінде 27 млрд тенге жетіп отыр. Бюджеттің мүмкіндігі барлық қажеттілікті қамти алмайтынның білесіз, дегенмен жоғарыда көрсетілген өсім көп шаруаның онтайлы шешілуіне негіз қалады. Өз кірістерімізді өткен жылдың бекітілген жоспарынан 1,5 млрд тенгеге ұлғайтып, 4 млрд тенге көлемінде орындау межесі қойылған (61,2%).

Ауданның барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің орындалуы 100 пайыздан асты. Оның ішінде, негізгі капиталға инвестиция тарту болжамы 26,5 млрд тенге болып бекітілген. Быттыр тартылған инвестиция 27,3 млрд тенге немесе 100,6 пайыз. Бюджет қаражаты есебінен 11,9 млрд тенге, жеке қаражат есебінен 15,4 млрд тенгеге орындалды. Былғы инвестиция тарту межесі – 30 млрд тенге, 6 айда 9,4 млрд тенге немесе бекітілген бюджеттен 11 есеге өскен. Сонымен бірге, өнеркәсіп өнімдерінің көлемі 16,6 млрд тенгені құрап, жыл басындағы көрсеткішпен салыстырғанда 7 есеге артқан.



көшелерінің қиылыстарына жол айрықтары салынып, Жанқожа батыр көшесінің бойындағы жаяу жүргіншілер жолы жаңарды. Қ.Пірімов көшесінен «Қазалы» мәдени-демалыс кешеніне дейін және Р.Бағланова көшесіне жаяу жүргіншілер жолы салынса, «Ақарық» каналынан аудандық емханаға дейінгі жаяу жүргіншілер жолының құрылысы қарқынды жүргізілуде.

– Ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлік – Қазалы ауданы тұрғындарының бұрыннан бейімделген салалары. Осы салалардың беталысы туралы не айтар едіңіз?

– Дикандар биыл 17445 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын, оның ішінде күрішті 5636 гектарға екті. Быттыр 17029 гектарға егілген егін мерзімінде жиналған болатын. Күріш 6200 гектарға себіліп, әр гектардан 40,4 центнерден өнім алынып, 26095 тонна күріш қамбаға құйылды.

Бүгінде ауданымызда «РЗА» АҚ, «Рза Агро» ЖШС, «Сыр Маржаны» ЖШС, «Жалантөс батыр» ЖШС, «Агро-Өркен» ЖШС, «Ақмаржан» ЖШС, «Jankent Agro» ЖШС, «Алшың» ЖШС және



Мейрамбек ШЕРМАҒАНБЕТ:

«ӘРБІР КӨТЕРІҢКІ КӨРСЕТКІШТІҢ БАСТАУЫНДА ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕК ТҰРАДЫ»

– Быттыр Қазалыда халық батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлының 250 жылдығы республикалық деңгейде аталып өтті. Ұлт азаттығы жолында жанын пиа еткен батырды мәңгі есте қалдыру шаралары мен әлеуметтік, инфрақұрылымдық нысандарды пайдалануға беру рәсімдерін ұштастыру ұтымды ұйымдастырылған, көпшілікке рухани азық сыйлаған мерекеге айналғанын білеміз...

– Иә, дұрыс айтасыз. Өткен жылы аудан тұрғындары мен азаматтардың ұсыныс-пікірлерін ескеріп, қазан айының соңғы онкүндігінде елдің тұтастығын, береке-бірлігін, ынтымағын ту етіп көтерген тарихи тұлғалар Өйтеке билің 380 жылдығы мен Жанқожа Нұрмұхамедұлының 250 жылдық мерейтойын кең көлемде атап өттік.

Тарих пен болашақ тоғысқан іс-шараларда халық тындырымды тіріліктің нәтижесінде көптен күткен игілікке қол жеткізіп, қуаныш еселене түсті.

Мерейтой аясында аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының қатысуымен ғылыми-танымдық конференциялар өтті. Сондай-ақ 148 отбасыға жана баспана кілті табысталып, 200 адамға арналған «Өмір Арена» спорт кешені мен Кәукей ауылында 100 орындық ауылдық клуб ел игілігіне пайдалануға берілді, Абай ауылы «көгілдір отынға» қосылды.

Мұнан бөлек, ең ауқымды жобаның бірі – Қазалы ауданында бірнеше жылдан бері тоқтап қалған Өйтеке би кенті мен Қазалы қаласының аралығындағы 7 шақырымдық жолға күрделі жөндеу жұмыстары аймақ басшысының қолдауымен қайта жанданды. Жол құрылысын аяқтауға облыстық бюджеттен 862 млн тенге қаржы бөлінді, төрт жолақты жол пайдалануға берілді. Быыл осы жолдың жарықшамдары қосылды.

– Қазалы ауданындағы абаттандыру жұмыстарының барысын, осы ауданға кім болып тағайындалған уақыттан бері қолға алған бастамаларыңызды бізміз. Оның нәтижелері туралы не айтасыз?

– 2024 жылдан бүгінге дейін аудан орталығын абаттандыру мақсатында аудандық бюджет есебінен қарқынды құрылыс жұмыстары жүргізілді. Қазалы мәдени-демалыс кешені, орталық алаң, теміржол вокзалы жанындағы Өйтеке би алаңы, Жанқожа батыр көшесінің бойындағы «Руханият» сквері сынды орындар бүгінде аудан халқы мен қонақтарының сүйікті демалыс орындарына айналды.

Аудандағы абаттандыру жұмыстарының ең ауқымдысының бірі деп Қазалы мәдени-демалыс кешенін айтуға болады. Аумағы 20 гектар бұл кешен облыс бойынша ең үлкен сабақтың бірі саналады. Кешен екі бөліктен тұрады: Отбасылық демалыс саябағы және «Женіс» саябағы. Мәдени-демалыс кешенінде «Данқ», «Тағзым», «Киелі қазақ елі», «Гашықтар» аллеялары және отбасылық мейрамханалар мен тамақтану, демалыс орындары, спорт және балалар ойын алаңдары, аттракциондар, аквапарк, субұрқақтар, жасанды көлшік сынды тағы басқа нысандар бар.

Заманауи талаптарға сай жабдықталған саябақ аудан тұрғындары мен қонақтарының салауатты өмір салтын ұстануына, отбасы мүшелерімен бірге тиімді уақыт өткізуіне мүмкіндік береді. Ал қайта жаңғыртылып, абаттандырылған орталық алаңда балаларға арналған ойын алаңдары, отбасылық тамақтану орындары, заманауи орындықтар мен түрлі жарықшамдар, керемет субұрқақ орнатылған, әлемі гүлдер, ағаш көшеттері егілген.

Алдағы уақытта да халқымыздың игілігі, тұрғындарымыздың жайлы тұрмыс-тіршілігі, жастарымыздың жарқын болашағына бағытталған ауқымды жобаларымыз жалғаса береді.

– Абаттандырудан бөлек, бүгінде Қазалы ауданы қарқынды құрылыс алаңына айналғанын да байқауға болады...

– Сөзіңіздің жаны бар. Бүгінде құрылыс саласында толымды тірілік бар. Өткен жылы халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 2 пәтерлік 74 тұрғын үй салынып, 148 пәтер табысталды. Быыл тағы да 2 пәтерлік 50 тұрғын үйдің құрылысы басталып, 100 отбасыға жана баспана берілмек.

Жыл басында прокуратураның жана ғимараты пайдалануға берілсе, бірнеше жылдан бері құрылысы тоқтап қалған «Қарлан» учаскесіндегі Сырдары өзені арқылы өтетін көпір құрылысы да қайта басталды.

Қазір Өйтеке би кентіндегі 120 жылдық тарихы бар теміржол вокзалы күрделі жөнделіп, жанындағы теміржол өткелі де қайта салынып, құрылыс қарқын алған. Бұл нысандарды жыл соңына дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз.

Одан бөлек, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен Өйтеке би кентінде, Бекарыстан би және Қожабақы ауылдарында 3 спорт кешені, аудан орталығы мен елді мекендерде демеушілік есебінен спорт және ойын алаңдары салынуа. Майдақол ауылында 100 орындық ауылдық клуб бой көтеріп келеді.

– Халықтың өмір сүру сапасын жақсартудағы ең бірінші қажеттілік – саланың инфрақұрылымы. Бұл бағыттағы жұмыс барысына да тоқтатсаңыз...

– Халықты ауызсумен қамту бойынша өткен жылы екі елді мекенде (Жаму, Жұбан) су тұщытқыш қондырғы орнатылды. Быыл Сарбұлақ, Шилі, Шакең және Шыңтөбе елді мекендерінде жұмыс жүргізілуде. Алдағы қыркүйек айында жұмыс аяқталған соң, Қазалы ауданы халқына таза ауызсумен қамтамасыз ету көрсеткіші 100 пайызға жетеді.

Электр энергиясымен қамтуға қатысты айтар болсақ, өткен жылы ауданда 3 жоба жүзеге асты. Быыл Қазалы қаласы мен Қожабақы ауылының электр желілерін жаңартуға қаржы бөлініп, жұмыс



жүргізілуде. Қазалы қаласы мен Өйтеке би кентінің аралығындағы жаңадан ашылған кварталдардағы нысандар мен тұрғын үйлерге керекті электр энергиясының қуаттылығын арттыру мақсатында қосалқы стансаның құрылысы басталды. Осылайша биыл тозған желілерді 62,5 пайыздан 58 пайызға төмендетіпкіз.

Аудан тұрғындарын табиғи отынмен қамтамасыз ету жайына ойыссақ, газбен қамтудың индикаторлық үлесі қала және елді мекендер бөлінісінде 21%, жеке тұрғын үйлердің 74,4%-ы газға қосылған (барлығы 15669 үй, 11578 үй газдандырылған).

Елді мекендерді газдандыруда 2024 жылдан бері 3 жоба жүзеге асты. Бұған дейін Абай, Ақтан батыр ауылдарына газ желісі тартылып, пайдалануға берілді. Быыл Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдақол, Түктібаев елді мекендерінің магистральды газ құбырына қаржы бөлініп, жұмыс жүргізілуде. Аталған 4 ауылға да орамшылқ газ жүргізіп, елді мекендерді «көгілдір отынға» қосу жоспарланып отыр. Бұл жұмыстар біткенде елді мекендерді газбен қамту көрсеткіші 73 пайызға жетеді.



Фото: Қазалы ауданының әкімдігі.

Мұнан бөлек, Ақсуат, Байқожа, Өркендеу, Бірлік, Қожабақы және Аранды ауылдарын газданудың жоба-сметалық құжаттары әзірленді.

– Ауыл арасындағы және елді мекеншілік жолдарды жақсарту жұмыстары туралы айтып өтсеңіз...

– Ауданның коммуналдық меншігінде 375 шақырым аудандық маңыздағы автомобиль жолы бар. Оның 259,1 шақырымы асфальт, 82,4 шақырымы қиыршық тас және 33,5 шақырымы топырақ. Жолдардың жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 91 пайыз.

Өткен жылы аудандық маңызы бар автомобиль жолдары мен елді мекен көшелерін қайта жаңғыртуға, күрделі және орташа жөндеуге бюджеттен 1633,9 млн тенге қаржы бөлінді. Оған 20,6 шақырым болатын «Бозкөл-Тасарық», «Бекарыстан би-Шөмішкөл» және тағы 224 метр жол, 4,9 шақырымдық 4 көше, Өйтеке би, Жанқожа батыр, Қазалы қаласының 15 көшесі, оған қоса 3,1 шақырым болатын Әбілқайыр хан, Бегім ана, Сырым батыр көшелері күрделі жөндеуден өтіп, 6,16 шақырым болатын 26 көшеге орташа және ағымдағы жөндеу жүргізілді.

Быыл «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында барлығы 23 жоба, оның ішінде Өйтеке би кентінен 19 көшені, елді мекендерден 4 көшені орташа және күрделі жөндеу, Қазалы қаласының 10 көшесін қайта жаңғырту, Жанқожа батыр ауылының кіреберіс жолы мен «Әлсеіт» көпірінен бастап Бекарыстан би ауылына дейінгі аралықты күрделі жөндеу жұмыстары қолға алынды.

Аудан орталығының көшелеріндегі жаяу жүргіншілер жолы да тұрғындар жиі көтерітін мәселенің бірі еді. Өткен жылдан бері Жанқожа батыр көшесі мен Т.Бөрікұлаков және Қ.Пірімов

«Береке», «Мерей», «Өте» шаруа қожалықтары мен ауыл шаруашылығы құрылымдары бар.

Есепті кезеңде ауданнан Ресей, Беларусь, Дания, Германия, Тәжікстан, Қытай, Литва, Нидерланды елдеріне 4728,4 тонна өнім, тарқатып айтсақ, 1010,1 тонна күріш, 419 тонна балық, 3299,3 тонна қамыс экспортқа шығарылды.

Бүгінде аудан бойынша мал басында өсім бар, 54850 бас ірі қара, 59222 бас жылқы, 14773 бас түйе, 109423 бас уақ мал, 6964 бас құс тіркелген.

Шағын және орта кәсіпкерлік саласының жай-күйіне келсек, бүгінге дейін ауданда 5273 кәсіпкер тіркеліп, бұл салада 12,8 мың тенеінен өнімі өндірілді. Жыл басынан бері жаңадан 23 кәсіпкерлік нысан бой көтеріп, 45 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

Быыл Бірыңғай жалпымұттық жобалар пұлының Ұлттық цифрлық инвестициялық платформасына 6,5 мың тенеінен 5 ірі жобасы енгізілген. Оның 3-еуі жыл соңында іске қосылмақ. Қазір жобалар жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда. Мәселен, «Арал Рыбтор» ЖШС-ның «Тауарлы балық өсіру үшін тоған балық шаруашылығының

ғысы орнатылып, тиісті мамандардың білімі жетілдірілмек. Соңғы үлгідегі жаңа медициналық технологиялардың енгізілуі, қазіргі заман талабына сай салынған ғимараттар тұрғындар денсаулығын жақсартуға оң ықпалын тигізеті сөзсіз.

Өткен жылы аймақ басшысының қолдауымен ауданның денсаулық сақтау мекемелерінің автопаркі жаңартылып, 25 санитарлық автокөлік алынды. Автокөліктер бүгінде халыққа қызмет сапында жүр.

– Бүгінде тұрғындардың ең өзекті мәселесінің бірі – жұмыспен қамту. Жалпы аудан халқы жұмыспен қамту көрсеткіші қандай?

– Әлеуметтік саланың дамуын жеделдету – біздің алдымызда тұрған ең негізгі міндет. Экономиканың түрлі саласында биыл 1921 жұмыс орны ашылды. Оның ішінде 73 адам мемлекеттік бағдарламалар негізінде қайтарымсыз грант алған, 45 адам әлеуметтік жұмысқа, 72 адам жастар практикасына, 892 адам ақылы қоғамдық жұмысқа, 62 адам «Күміс жас» жобасына, 251 адам «10 мың тұрғынға 100 жана жұмыс» жобасына, 66 адам «Ауыл аманаты» жобасына тартылған, 398 адам тұрақты жұмысқа тұрып, 62 адам ұлттық жоба бойынша жұмыспен қамтылды.

– Сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты құралы. Ауданның түрлі саласында қандай өзгерістер мен жаңашылдықтар бар? Жаңа мектептер және жөндеуден өткен білім ошақтары туралы не айтасыз?

– Ауданда 91 (37 мектеп, 1 кешкі мектеп, 50 мектепке дейінгі, 3 қосымша) білім беру ұйымы жұмыс істейді. Өткен жылдың басында Өйтеке би кентінде 250 орындық мектеп, быыл наурыз айында Жанқожа батыр ауылында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 300 орындық мектеп пайдалануға берілді.

Ал биыл №234, 70, 88, 95, 98, 216, 165, 249, 266 мектептерді ағымдағы және күрделі жөндеуге қаржы бөлініп, жұмыс басталды. Сонымен бірге, Қ.Сәтбаев атындағы №216 орта мектеп ғимаратының қасбетін қаптауға және Е.Бозұлов атындағы №249 мектеп-лицей алауына ойын алаңын салуға қаржы бөлініп, жұмыс жүргізілді.

Бүгінде аудан мұғалімдерінің ерен еңбегі мен кәсіби біліктілігі өз нәтижесін беріп келеді. Өткен оқу жылында 9-сыныпты 1546 оқушы, 11-сыныпты 944 оқушы бітірді. «Үздік аттестат» иегерлері саны 9-сыныптан 220, 11-сыныптан 103 оқушы болса, 100 оқушы «Алтын белгі» алды.

Мамыр-шілде аралығындағы ҰБТ-ға 11-сыныпты бітірген 944 оқушының 859-ы (91%) қатысты. ҰБТ қорытындысы бойынша қазалылық түлектердің орташа балы 83 (2023-2024 оқу жылы 83 бал) болды.

Мемлекеттік грант конкурсына құжат қабылдау ауданымызда 13-17 шілде аралығында №249 мектеп-лицей базасында жүргізілді. Конкурса 849 түлек құжат тапсырды.

Балалардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында аудандағы барлық білім ошақтарында жазғы күндізгі лагерьлер, үйірмелер жұмыс жасауда. Маусым айының «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығы да өз жұмысын бастады. Демалыс лагері жылдағы дәстүрге сай 7 ауысым ұйымдастырып, әр ауысымда 125 оқушыдан, барлығы 900-ге жуық баланы қабылдауда.

Тиісті органдармен бірлесіп «Қауіпсіз жол», «Түнгі қаладағы балалар», «Жасөспірім» және суға түсу маусымында балалар мен тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлық қала, кент, ауылдық округтерде күнделікті түнгі және күндізгі рейдтер, түрлі іс-шаралар үздіксіз жүргізілуде.

– Мейрамбек Зинабидиұлы, бүгінгі қоғамда жасөспірімдердің қауіпсіздігі өте өзекті мәселеге айналып отыр. Жасөспірімдердің қатысуымен

болған және жалпы аудандағы қылмыс деңгейі жайында толығырақ айтып өтсеңіз...

– Бүгінгі таңда аудан тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қоғамдық орындарда тәртіпті бақылайтын, жол қозғалысы ережелерін бұзғандарды автоматты түрде анықтайтын 72 бейнебақылау камерасы орнатылған. Аудандық полиция бөлімі ғимаратында бейнебақылау камералары арқылы түрлі құқықбұзушылықтарды анықтайтын арнайы кіші Желел басқару орталығы ашылды.

Жалпы сала қызметкерлерінің жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп атқарған кешенді шаралардың нәтижесінде ауданымызда қылмыс деңгейі жыл сайын төмендеп келеді. Мәселен, өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда биыл қылмыс деңгейі 48-ден 36-ға, яғни 25 пайызға төмендеген.

Өрине, бұл – жалпы тұрғындардың, оның ішінде жасөспірімдеріміздің қауіпсіздігі үшін бірлесіп атқарған жұмыстардың нәтижесі.

– Мәдениет пен спорт саласындағы жұмыстардың жүйелілігі халық көп жиналатын іс-шаралардан, оны тамашалайтын көрерменнің ықыласынан байқалады. Қазалы ауданында да рухани, мәдени, спорт бағытындағы шаралар жиі ұйымдастырылады. Бұл жұртшылықты рухани байыту үшін керек. Мәдениет пен өнердің тамыры терең, арқауы мықты сабақтастығын үзбей, оны халыққа насихаттаудағы жұмыстар туралы айтсаңыз...

– Өздеріңіз жақсы білесіздер, 2024 жыл аймақ басшысының бастамасымен «Алаштың жаны» атанған Сыр өңірінде «Руханият жылы» деп жарияланды.

Быыл Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі қарсаңында ауданымызға аймақ басшысы, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары арнайы келіп, жұртшылықты мерекемен құттықтады. Жанқожа батыр ауылындағы 300 орындық «Жайлы мектепті» пайдалануға беріп, Ақтан батыр ауылын «көгілдір отынға» қосу шараларына қатысты.

Сонымен қатар Ұлы Женістің 80 жылдық мерекесі қарсаңында аймақ басшысы мен Сенат, Мәжіліс депутаттары және қонақтар Өйтеке би кентіндегі «Қазалы» мәдени-демалыс кешенімен танысып, атқарылған ауқымды жұмыстарға оң бағасын берді.

Мереке аясында «Руханият орталығы» ғимараты да пайдалануға берілді. Бүгінде бұл орталыққа неке кюо залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі біріктірілді. Онда ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрдің кеңінен насихатталып, өскелең ұрпақ бойына өзі туып-өскен өңір тарихы мен ұлт руханияты сіңіріледі. «Руханият орталығының» әртүрлі әлеуметтік топтардың қарым-қатынасы мен ықпалдастығын, ұрпақтар арасындағы өзара түсіністікті нығайтудағы, сабақтастықты сақтаудағы орны ерекше. Бір ғимаратта еңбек ететін жастардың, ардагерлер мен ақ жаулықты аналарды, мәдени мекемелерді ортақ іске жұмылдыру жемісін берді.

Өткен жылы аудан орталығында Р.Бағланова атындағы 600 орындық жана мәдениет үйі мен Кәукей ауылында 100 орындық ауылдық клуб пайдалануға берілсе, қазір Майдақол ауылында 100 орындық ауылдық клуб құрылысы жүргізілуде.

Жыл басынан бері ауданда ұлттық мәдениетті ігерілетуге және дәстүрлерді жаңғыртуға, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған түрлі форматтағы 807 іс-шара өткізілді. Быыл Бекарыстан билің 260 жылдығы, Ақтан батырдың 255 жылдығы, ақын-шежіреші Қарасалқ Ермбеттің 175 жылдығы, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы, Қызылорда қаласының астана болғанының 100 жылдығы және тағы басқа мерейтойлық іс-шаралар өткізілуде.

Спорт саласындағы жағымды жаңалықтар туралы айтсақ, Мемлекет басшысының, Ұкіметтің және облыс әкімінің ерекше қолдауымен ауданымызда спорт инфрақұрылымын дамыту жолға қойылды. Нәтижелі жұмыстардың арқасында спортшыларымыз Әлем чемпионаттарында 1 алтын, 4 күміс, 7 қола, Азия чемпионатында 4 алтын, 2 күміс жеңіп алса, Халықаралық, республикалық және облыстық жарыстарда 28 алтын, 42 күміс, 61 қола медальді қоржынға салды.

Өткен жылы Париж олимпиадасында Жұбаназар Абылайхан дзюдо күресінен бақ сынады. Тайландта бокстан әйелдер арасында өткен Азия чемпионатында жерлесіміз Гүлсая Ержан чемпион атанып, көк туымызды көкте желбіретсе, Катар астанасы Доха қаласында ауыр атлетикадан 17 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында жерлесіміз Алтынай Тәңірбергенова 64 келі салмақ дәрежесі бойынша күміс жүлдегер атанды. Жуық арада ғана жерлесіміз Гүлсая Ержан Астанада тұңғыш рет World boxing-тің ұйымдастырған Әлем кубогына қатысты. Зарина Толыбай бокстан 19 жасқа дейінгі қыздар арасындағы Азия чемпионатында алтын медальді жеңіп алды.

Қазалы ауданында өткен жылдан бері аудан халқының игілігі жолында атқарылған жұмыстардың легі осындай. Алда атқарылар жұмыстар да ауқымды, мақсат-міндеттер де айқын. Оны іске асыруда ел Президентінің, Ұкіметтің, сондай-ақ аймақ басшысының қолдауын сезінеміз.

Жыл соңына дейін ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін жақсарту тусы міндеті қойылған. Оның ішінде салық түсімдері қозын табу, инвестиция тарту, кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірілу ғұлайту бар.

Тұрғындардың әл-ауқатын, өмір сүру сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар белгілі бір уақыт шеңберінде, яғни бір жылда немесе одан да аз мерзімде атқарылып бітіпейді. Жоспар, қаржы, қолдау көп мәселені түінін шешпей де, жұмыс кезең-кезеңге бөлініп жүзеге асады. Бастысы – елдің тыныштығы мен береке-бірлігі. Алдағы уақытта да аудан экономикасының қарқынды дамуына қарышты қалам жасала бермек.

– Мейрамбек Зинабидиұлы, арнайы уақыт бөліп, біздің сауалдарымызға жауап бергеніңіз үшін алғыс айтамыз. Тамыры терең, тарихы кенен Қазалы ауданының алдағы уақытта да өсін-өркендей беруге тілектестіңіз.

Сұхбаттасқан
Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

/// БӘРЕКЕЛДІ



«ЫСТЫҚКӨЛ ТОЛҚЫНЫНДА» ТОП ЖАРДЫ

7-12 шілде аралығында Қырғыз Республикасында «Ыстықкөл толқынында» атты ХІ халықаралық балалар шығармашылығы конкурсы өтті. Конкурс ән, би, күй және терме жанрларын қамтыды.

Оған Сыр өңірінен А.Токмағамбетов атындағы Қызылорда қалалық мәдениет үйі жанынан құрылған «Сыр сандуғаштары», облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының «Көңілді ноталар» вокалды топтарының дарынды өнерпаздары қатысты. Балаларды осы топтардың жетекшісі, Мәдениет саласының үздігі Бағдауыл Есмырзаева дайындады. Қазақ және қырғыз өнерпаздары бақ сынаған шығармашылық бәйгесінен жерлестеріміз олжалы оралды. Атап айтқанда, Жанболат Мейірлен (7-9 жас), Еркеш Раяна (10-12 жас), Тұмарханым Ықыласбек, Ханзада Сырым (13-15 жас) жүлделі орындардан көрінсе,

Рамазан Мұратбек (10-12 жас) гран-при жеңіп алды.

— Бұл сапардың бір ерекшелігі, балалар Ыстықкөл жағасында өнер жарыстырып қана қоймай, көңіл сергітіп қайтты. Ұйымдастырушы тарап жас дарындар үшін естен кетпес демалыс жасады, — деді Б.Есмырзаева.

Жоғарыда аталған қос топтың өкілдері тамыз айында тағы екі байқауға қатыспақ. Оның бірі — Ақтау қаласының түркі әлемінің мәдени астанасы болып жариялануына орай ТҮРКСОЙ ұйымы қолға алған «Өнерлі өрең» халықаралық шығармашылық фестивалі. Одан бөлек, Болгарияда өтетін тағы бір долада сынға түседі.

«СБ ақпарат»

Шілденің 30-ы — Адам саудасына қарсы дүниежүзілік күрес күні. Бұл күн адам саудасы құрбандарының ауыр жағдайы туралы хабардар етуге және олардың құқықтарын қорғауға арналған. Ал негізгі мақсаты — қоғамның назарын осы өзекті мәселеге аудару, алдын алу шаралары мен қауіпсіз миграция әдістері туралы ақпарат беру және зардап шеккендерге қолдау көрсету.

Елімізде, оның ішінде біздің облыста адам саудасының құрбандарына арналған орталық бар. Ол «Кіші кәсіпкер әйелдер қоғамы» қоғамдық бірлестігі деген атаумен 2000 жылы құрылған. 2010 жылдан бері халықаралық миграция ұйымының жобаларында әлеуметтік қорғалмаған топтарға және адам саудасының құрбандарына көмек көрсетумен айналысып келеді. 2017 жылдан қазіргі уақытқа дейін облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді. Басқарма мемлекеттік тапсырыс аясында адам саудасының құрбандарына арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетеді.

— Орталықта 9 адам қызмет атқарады. Олар — заңгер, психолог, медицина қызметкері, әлеуметтік қызметкерлер. Орталық мамандарға арналған профильдік кабинеттермен жабдықталған және бенефициарларға кешенді қызмет көрсету үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған, 17 адамға арналған орын қарастырылған. Адам саудасының құрбандарын қорғау және осал мигранттардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы билік органдары мен ҰЕҰ арасында ведомстваралық өзара әрекеттестікті күшейтіп, диалог алаңдарын құрумен айналысамыз. Біз үнемі ақпараттық акциялар, тақырыптық дөңгелек үстелдер, адам құқықтары мен балалар құқықтары жөніндегі өкілдер, миграциялық қызмет пен басқа да мемлекеттік құрылымдардың қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастырамыз. Сонымен қатар, Қызылорда облысы мен қаласының заңсыз адам тасымалы мен саудасына қарсы комиссия мүшесіміз, — дейді қоғамдық бірлестік төрайымы Салтанат Сыздықова.

Орталықта 8 түрлі тегін қызмет ұсынылады. Атап айтқанда, әлеуметтік-құқықтық,



АДАМ САУДАСЫ – АЛАҢДАТАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ

әлеуметтік-медициналық, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық, психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-еңбек қызметтері. Жылына орташа есеппен 28-30 бенефициарға қызмет көрсетеді. Жас шамасы 18-ден 78 жасқа дейін, бұл адам саудасының құрбаны болу кез келген жастағы және ер адамға да, әйел адамға да, балаға да тән екенін көрсетеді. Быыл жыл басынан бері 22 бенефициарға қызмет көрсетілген. Олардың ішінде 12 шетелдік, 10 Қазақстан азаматы болса, оның 6-ы әйел, 7-уі ер адам, 9-ы бала.

— Орталығымызға түскен кезде алғашқы медициналық тексеріс жүргізіледі, психолог және әлеуметтік қызметкермен әңгімелесу өткізіледі. Мәселелер анықталған жағдайда, бенефициарларға қажетті көмек көрсете алатын мекемелерге бағыттаймыз. Туу туралы куәлік, ЖСН, тұрақты тіркеу, анықтамалар, әлеуметтік көмек алуына көмектесеміз, қажет болса, білім алу мен медициналық тексеруден өтуіне қолдау көрсетеміз. Мысал ретінде біздің орталықтағы 5 адамнан тұратын отбасыны алайық. Олар 20 жылдан астам уақыт еңбек құлдығында болған. Нашар тұрмыс, тұрақты психологиялық қысым мен стрестің салдарынан олардың иммунитеті төмендеп, денсаулығы нашарлаған. Балаларда психикалық бұзылулар анықталған, білімі жок. Сондықтан оларға

толық медициналық тексеру жүргізіліп, мамандардың тағайындауы бойынша ем-шара ұйымдастырылды. Сонымен қатар, біздің орталықта 30 жыл бойы ауыл шаруашылығында және фермаларда жұмысқа жетілген ер адамға қызмет көрсетілді. Ол тек тамақ пен тұрмысы үшін жұмыс істеген. Туу туралы, жеке куәлік сияқты құжаттары болмаған. Мектепте оқымаған, оқи да, жаза да алмаған. Қорқыныш пен уайымды азайту үшін психолог жұмыс жүргізді. Оған қажетті құжаттар рәсімделді. Құқық қорғау органдары қызметкерлерімен бірге бенефициарымыздың анасын тауып, кездестірдік, олар 30 жыл көріспеген екен. Көбі тек білімсіз кісілер ғана адам саудасының құрбаны болады деп ойлайды, бірақ шын мәнінде бұдан кез келген адам зардап шегуі мүмкін. Қазіргі кезде саудагерлер алдаудың жаңа әрі күрделі тәсілдерін ойлап табуда. Ешкім бұл қауіптен сақтандырылмаған, — дейді Салтанат Елеусізқызы.

Маманның айтуынша, адам саудасының құрбандары физикалық еркіндігінен айырылады, құжаттары тәркіленеді, өзіне және отбасына қауіп төнеді, қала ішінде еркін қозғала алмайды. Саудагерлер олардың құжаттары болмағандықтан көмек сұрауға әрекет жасағанда қылмыстық жазалау мен депортациядан қорқатынын пайдаланады.

Адам саудасының құрбандары көмек алу үшін үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдарға, мемлекеттік және құқық қорғау органдарына, халықаралық ұйымдарға, елшіліктер мен консулдық қызметтерге жүгіне алады. Сондай-ақ олар 11616 желісіне және 27-14-73 сенім телефондарына хабарласа алады.

Айта кету керек, ұйым облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен, облыс, қала әкімдіктерімен, ұйымдасқан қылмыспен күрес (УБОП), Қызылорда облысы мен қаласының миграциялық қызметімен, білім, денсаулық сақтау басқармаларымен және бұқаралық ақпарат құралдарымен ынтымақтаса жұмыс атқарады.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

/// ДЕНСАУЛЫҚ

ҚҰЛАҚ ЖАРҒАҒЫНА ОТА ЖАСАЛДЫ



Облыста алғаш рет тимпанопластика отасы 7 жастағы қыз балаға жасалды. Ота облыстық көпбейінді балалар ауруханасында шамамен 2,5 сағатқа созылды. Оған оториноларинголог дәрігер Айбол Қонысбаев, анестезиолог Абзал Мамытбекұлы және мейірбиіке Жанат Жалғасбай қатысты.

Қыз баланы ұзақ жыл бойы құлағынан ірің ағу жағдайы мазалап келген.

— Кішкентай пациентіміз бір жылда отит диагнозымен ауруханаға төрт рет жатып шықты. Ата-анасы оны басқа жаққа апаруға мүмкіндігі жоқ екенін айтып, бізге сенім артты. Сондықтан қала емханаларының біріндегі аппаратты алып, алғаш рет ота жасауға бекіндік. Ота барысында Астанада оқып, жұмыс істеген уақыттағы тәжірибеме сүйендім. Сондай-ақ елордадағы профессорлардың кеңесіне жүгіндім. Абырой

болғанда бастама сәтті өтті, — деді А.Қонысбаев.

Тексеру кезінде науқастың құлақ жарғағы тесілгені анықталып, оған жаңадан жарғақ, яғни перде салуға тура келді. Дәрігер мұндай диагнозбен тіркелген адамдар өңірде жиі кездесетінін айтты.

— Бала тұмаураатқанда тамағы іріңдеп, асқыну салдары құлаққа өтеді. Соның кесірінен құлақта ақау пайда болып, пердесі тесіледі. Өкінішке қарай мұндай ауру жас талғамайды. Дегенмен, балаларда көбірек кездеседі. Қызылордада ота жасалмағасын Алматы, Астана сияқты мегаполистерге баруға тура келетін. Соған шамасы келмей, ауру асқынғасын аппаратқа тағылатын адамдар аз емес, — деді ол.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ДОСҚА АДАЛ, ЖҮРЕГІ ҒАЗИЗ ЖАН ЕДІ...

Отбасының тірегі, камкор әке, асыл жар, немерелерінің сүйікті атасы, сыныптасымыз, досты да, достықты да қадірлей білген абзал азамат Жанат Темірбайұлы бұл өмірмен мәңгілікке қош айтысқалы зымырап жыл өтіпті.

Жанат досымыз 1962 жылдың 10 қарашасында дүниеге келген. Арал қаласындағы №199 мектепте білім алып, Қызылорда политехникумын және Алматы қаласындағы «Қазақ мемлекеттік аграрлы университетін» инженер-электрик мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын электр жабдықтарын жөндеу электромонтерінен бастап, «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ бас инженері, «Қазақэнергиясараптама» мекемесінің басшысы лауазымына дейін көтеріліп, саналы ғұмырының 35 жылын энергетика саласына арнап, абыройлы қызмет атқарды. Досымыздың еңбегі еленіп, «Еңбек сіңірген энергетик» төсбелгісін омырауына тағып, Алғыс хат, Құрмет грамоталарымен марапатталды.



Еңбек жолындағы ең жоғары баға — халықтың құрметіне, елдің ықыласына, ағайын-туыстың алғысына бөленді. Сабырлы мінезімен, жайдарлы болмысымен, еңбексүйгіштігімен, досқа адалдығымен құрбы-достары арасында ерекшеленіп тұратын. Ардақты досымыздың қазасы жанымызды жүдетіп, көңілімізді құлазытып жіберді. Алланың ісіне не шара? Қайда жүрсе де достарына деген ниеті таза, сөзі салмақты, көңілі кең жан болатын.

Жанаттай дос бір-ақ келер өмірге, Адал жүрек, із қалдырған елінде. Сағынышпен еске аламыз әр сәтін, Орны бөлек, өшпес есім көңілде. Ізгі жүрегімен, адал еңбегімен артына өшіпес із, өнегелі ұрпақ қалдырған қимас досымыздың жатқан жері жайлы, иманы саламат болсын. Пейіште нұры шалқысын, Алла қабірін Құран нұрымен нұрландырғай деп дұға етеміз.

Сыныптас достары

2025 жылдың 1-жартыжылдығындағы ШЖҚ «Қызылорда газ тарату жүйесі» КМК-нің (бизнес-сәйкестендіру нөмірі 191240024876) тауарлық газды бөлшек саудада өткізу көлемдері, кіріс деңгейі және өткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) босатылу бағалары туралы ақпарат												
Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші бойынша қызмет атауы	Өткізу көлемі (мың текше м)			Өткізу көлемдері (мың теңге)			Босатылу бағалары теңгемен (қосымша құн салығынсыз)			Кірістілік деңгейі		
	Барлығы	Оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша		Барлығы	Оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша		Барлығы	Оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша		Қызметтерді (жұмыстар) көрсетуден түскен кіріс, теңгемен	Қызметтер, (жұмыстар) көрсетуге кеткен шығын, теңгемен	Кірістілік деңгейі, %-бен
		Занды тұлғалар	Халық		Занды тұлғалар	Халық		Занды тұлғалар	Халық			
Тауарлық газды бөлшек саудада өткізу Тереңөзек кенті бойынша	5 925,6	1 177,0	4 748,6	120974,7	24043,6	96931,1	20 415,73	20 428,57	20 412,55	120 974 688,3	113 094 991,9	7,0
Тауарлық газды бөлшек саудада өткізу Жалағаш, Жосалы кенттері бойынша	13888,9	2 559,4	11 329,5	276620,4	51006,0	225614,4	19 916,62	19 928,57	19 913,92	276 620 398,4	252 954 657,2	9,4
Барлығы	19814,5	3736,4	16078,1	397595,1	75049,6	322545,5				397 595 086,8	366 049 649,1	8,6

«Қызылорда газ тарату жүйесі» ШЖҚ КМК-нің 2025 жылдың 1-жартыжылдығына тауарлық газды бөлшек саудада өткізу бойынша нақты шығыстар бойынша ақпарат
БСН 191240024876,
лицензия 26.02.2020 20003713

Шығындар	Бекітілген шығындар сметасы, мың тенге, ҚҚС-мен	Нақты шығындар, мың тенге	Айырма
Табиғи газды сатып алу шығындары	627153,85	253732,853	-373420,997

МҰРАЛЫҚ ІСТІҢ АШЫЛҒАНЫН ХАБАРЛАЙДЫ

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Абдреев Сунгат Илесбаевич (лицензия №13019285, 12.12.2013 ж.) 2025 жылдың 15 шілдесінде қайтыс болған азамат Жумахметов Болат Турсынбаевичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы №60 А, тел.: 8 777 772 80 80.